

Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер этносаралық қарым-қатынастарды күрделендіріп, отбасы институтының жаңа сипат алуына себеп болып отыр. Отбасы этникалық дәстүрлердің сақталуының басты арнасы болғандықтан, келіндердің жаңа ортаға бейімделуін этнопсихологиялық тұрғыдан зерттеу маңызды болып табылады.

Біздің «Келіндердің отбасына бейімделуінің этнопсихологиялық ерекшеліктері» тақырыптағы еңбекте Өзбекстан Республикасы Науаи облысындағы қазақ келіндерінің жаңа ортаға бейімделуі қарастырылған [1]. Зерттеу келіндердің тұлғааралық қатынастары, жаңа әлеуметтік рөлдерді қабылдауы, қақтығыстарды шешуі секілді қырларын ашқан.

Алғаш рет келіндердің жаңа ортаға бейімделуі этнопсихологиялық тұрғыдан кешенді зерттеліп, олардың салт-дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген мінез-құлқы айқындалған.

Зерттеу барысында келіндердің жаңа ортаға бейімделуі олардың отбасылық өмірге дайындығына, тұлғааралық қатынасқа икеміне және жаңа рөлдерді меңгеру қабілетіне байланысты екені анықталған [1].

Келіндер отбасында үстемдікке ұмтылмай, қақтығысты болдырмауға бейім келетіні байқалған. Бейімделу деңгейі жоғарылаған сайын олардың өз-өзіне сенімділігі мен айналасындағы адамдармен үйлесімді қарым-қатынас құруы күшейе түсетіні дәлелденген [1].

Жалпы алғанда, қазақ келіндерінің жаңа ортаға бейімделуі этнопсихологиялық тұрғыдан маңызды фактор саналады. Бұл зерттеулер этнопсихология, отбасы психологиясы және мәдениетаралық қарым-қатынас салаларындағы ізденістерге әдістемелік негіз бола алады.

Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, қазақ отбасылары этномәдени дәстүрлердің сақталуы мен жаңғыруының негізгі институты болып табылады. «Таза» мәдени ортада дәстүрлі құндылықтар отбасының тұрақтылығын қамтамасыз етсе, «аралас» ортада этникалық құндылықтардың өзгеріске ұшырауы байқалады. Дегенмен, қазақ отбасылары ұлттық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары мен салт-санасын сақтап, ұрпақ тәрбиесінде басты орынға қояды.

Келіндердің отбасына бейімделу ерекшеліктерін этнопсихологиялық тұрғыдан зерттеу олардың жаңа әлеуметтік рөлдерді қабылдау қабілеті мен тұлғааралық қарым-қатынасқа икемділігін айқындайды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, келіндердің бейімделу деңгейі жоғарылаған сайын, олардың өзін-өзі бағалауы, өзгелерді дұрыс қабылдауы және отбасындағы үйлесімділікке ұмтылысы күшейеді.

Этнопсихологиялық талдау қазақ отбасыларының дәстүрлі мәдени құндылықтарының қазіргі жаһандану жағдайында да өзектілігін дәлелдеді. Бұл зерттеу нәтижелері этнопсихология, отбасылық психология және мәдениетаралық қарым-қатынас салаларында болашақта жүргізілетін ғылыми ізденістерге бағыт-бағдар бере алады. Сонымен қатар, зерттеу тәжірибелік тұрғыда ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, отбасылық тұрақтылықты нығайтуға септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Арапбаева Д.К. Келинлар оилага мослашувининг этнопсихологик хусусиятлари (қозок оилалари мисолида). Психология фанлари номзоди илмий даражасини олиш учун ёзилган диссертация. – Тошкент: 2012. – 145 б.
2. Насимджанова М.М. Этнопсихологические особенности процесса инкультурации личности. Автореферат диссертации доктора философии по психологическим наукам (PhD). – Ташкент: 2020. – 53 с.
3. Норимбетов Т.Б. Социально-психологические особенности казахских семей проживающих в Узбекистане. Дис. ...канд. психол. наук. – Ташкент: 2008. – 227 с.

ӘОЖ 141.82:130.2.398

ҰЛТТЫҚ НАМЫС ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР: ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

Арапбаева Д.К., Науаи инновациялар университеті, Науаи, Өзбекстан

Фольклор өнері ұлттың руханиятының құрамдас бөлігі ретінде тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыруға ықпал етеді. Яғни, фольклор өнерінің пайда болуы және даму барысында жанрларының дифференциациясы тарихи дамудың қажеттілігі болып, тұлғаның физикалық және рухани болмысын көркем образдарда бейнелеу тәсілін нақтылайды. Фольклорда тұлғаның идеал образдарын жасау және оның ұлттық намысын қалыптастыруда философиямен ортақтық және ерекшелік тұлғаның өмір сүріп жатқан тарихи дәуір қажеттілігін түсіну және бейнелеу тәсілінде нақты көрінеді. Себебі "мифологияның өзіндік философия екенін түсінбей тұрып, оның рәміздерінің мәні мен мазмұнын ашпай тұрып, біз әдебиет пен өнер есігін аша алмаймыз" [1]. Олардың мақсаттары мен міндеттерін салыстырғанда, мақсаттың ортақтығын, сонымен бірге әсер ету бағыттары, тәсілдері мен әдістерінің айырмашылығын көреміз.

Фольклор өнері жанрларының негізгі ерекшелігі мен философиялық мазмұны тұлғаның интеллектуалдық қабілетін, эмоциялық сезімдерін идеал образдар арқылы бейнелеу, жалпыадамзаттық руханиятты тұлға деңгейінде үйлестіру қажеттілігін түсінуімен анықталады.

Фольклор өнері жанрларының түрлерінде тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыруда ортақтық болса да, белгілі бір айырмашылықтар да бар. Атап айтқанда, біріншіден, фольклор өнері жанрларында бейнеленген көркем образдардың тарихи шындықтың идеалы ретінде оған адекватты болуы; екіншіден, кез келген көркем образдың ұлттық намысқа әсері, оның тұлға тарапынан қабылдануы және еліктеушілігінің дифференциалдылығы; үшіншіден, фольклор жанрларының үйлесімі негізінде тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыру үшін қолданылған әдістер мен

құралдардың кешенділігі; төртіншіден, тұлғаның фольклор кейіпкерлерінің әлеуметтік идеалдарын іске асыруға бейімділігі және рухани-психологиялық дайындығы; бесіншіден, фольклор өнерінің осы тақырып аясындағы мақсаты мен міндеттерінің нақтылығына қарай ерекшеленуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда фольклор өнері жанрларының тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыру міндеттері аясында, бір жағынан, дифференциацияланады және нақтыланады. Екінші жағынан, интеграцияланады және жалпыланады.

Бұл процестердің бірлігінде фольклордың ең маңызды функцияларының бірі – сананы мифологияландырудан тұрады. Мифологияланған сана шындықты идеалданған түрде бейнелеуімен болашаққа бағдарды анықтап, "рухани динамикалық дамуда белгілі бір кезең болып табылады"[2]. Бірақ, бір жағынан, фольклор жалпы әлеуметтік шындықты, адамның мәнін көркем образдарда бейнелеуде, әсіресе тұлғаның ұлттық намыс сезімдерін қалыптастыруда, оның эмоциялық-рухани қырларын ашып көрсетуде басқа өнер түрлеріне қарағанда бұқаралық болып келеді. Екінші жағынан, әрқашан сезім рационализмге қарағанда шектеулі болғандықтан, фольклорлық көркем образдарда утопистік, мифологиялық, фантастикалық қырлар басымдыққа ие болады.

Фольклордың кез келген жанрында тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыру үдерісіндегі аналитикалық функциясы оның: идеялық-тақырыптық бағытын нақтылау; образдардың рухани бейнесін типизациялау; реалистік бейнелеудің эмоциялық әсерін арттыратын әдіс-тәсілдерді анықтау; көркем-эстетикалық құндылығын, деңгейін бағалау өлшемдерін көрсету болып табылады. Бұл міндеттерді орындау тиімділігі фольклор "тұтынушысының" жанрларға сәйкес эпикалық санасының қалыптасу деңгейіне байланысты. Себебі, "эпикалық сана, біріншіден, шындықты халықтың жоғары идеалдары аясында бейнелеудің тұрақты әрі әмбебап моделінен..., екіншіден, әрбір эпикалық жанрдың эстетикалық талаптары негізінде қалыптасқан типтік форма және бейнелеу тәсілдерінен тұрады"[3].

Біздің ойымызша, осы пікірдің екінші бөлігінде көрсетілген "типтік форма және бейнелеу тәсілдерін" эпикалық сана құрамына қосу күрделірек. Себебі, кез келген әлеуметтік сананы, әсіресе эпикалық сананы қалыптастыру әдіс-тәсілдерін сана феноменімен араластыру олардың функционалдық анықтамасындағы айырмашылықтарды жояды.

Философия мен фольклор жанрларының ортақ мақсат аясында функционалдық үйлесімі жалпы рухани болмысты, әсіресе ұлттық намысты кешенді-жүйелі түрде бейнелеуге көмектеседі. Сондықтан тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыру мәселесінде фольклорды философияға қарсы қою, бірінші ретін абсолюттендіру немесе функционалдық жағынан екеуін араластыру дұрыс емес қорытындыларға алып келеді. Себебі әрқайсысының салыстырмалы дербестігіне қарамастан, руханиятты көтеруде олардың біртұтас әлеуметтік құбылыс ретіндегі субъективтік факторының мәртебесіне нұқсан келуі мүмкін.

Кез келген тарихи кезеңде белгілі бір ұлттың рухани мәдениет деңгейін, халықтардың әлеуметтік бейнесін айқындайтын өнер түрі, тіпті оның белгілі бір жанры маңызды рөл атқарған. Әсіресе, еліміз тарихында (әсіресе, басқыншылардың езгісі кезінде) халық ауыз әдебиеті, кейіннен жазба деректерде фольклордың мифологиялық түрінің дамығанын көреміз. Себебі "миф шығармашылығы адамның "Мен" дегенінің экзистенциалдық әрекеті болып, әлемдегі бейберекетсіздіктерден (хаос) құтылу жолдарын іздеуден тұрады" [4].

Еліміздің халқының ғасырлар бойы басқыншылар тарапынан құлдыққа ұшырауы және халқымыздың бостандық үшін күресі фольклор өнерінде ұлттық өзіндік сананы, ұлттық намыс мәселелерін ерекше түрде күн тәртібіне қойған. Фольклор жанрларының басқа өнер түрлерімен белгілі бір мақсат аясында интеграциялануы да, дәл осы ұлттық намысты қалыптастыру аясында жүзеге асқан. Олардың үйлесуі тұлғаның ұлттық намысын дамыту тиімділігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарса да, басқа тәрбиелік факторларды жоққа шығармайды, керісінше, бұл үдеріс өзіндік арналар арқылы әсер етіп, кешенді-жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта фольклордың ұлттық намысты қалыптастырудағы рөлінің артуы айқын көрінуде. Жалпы, бұл тенденция тек фольклорда ғана емес, бүкіл рухани мәдениет бағыттарының басты ерекшелігіне айналып отыр. Әдебиеттану, мәдениеттану, философия және басқа әлеуметтік-саяси ғылымдардың ұлттық намысты қалыптастыру мақсаттары аясында тоғысуы рухани мәселелердің шешімінің кешенді-жүйелілігін қамтамасыз етуде. Әсіресе, фольклордың түрлі өнер түрлерімен интеграциялануы оның практикалық маңыздылығын арттырып отыр.

Фольклор өнерінің жалпы "тұлға қасиеттерін", әсіресе ұлттық намысын қалыптастырудағы интегративті сипаты, оның образдарын көркем әдебиет жанрларына "сіңіру", көркем-эстетикалық құндылығын арттыруда, композициялық құрылымын нығайтуда көрініс табады. Мұны Чингиз Айтматовтың "Асрга татуиулик кун" романында [5], "Оқ кема" [6], Утқир Хошимовтың "Дуненинг ишлари" [7] әңгімелерінде көруге болады [8], [9]. Өртүрлі әлеуметтік сана формаларының, фольклор жанрларының тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыру мақсатында интеграциялануы философиялық методологияны дамытудың қажеттілігін тудырды. Себебі, қазіргі кезеңде көркем шығармашылықтың тәуелсіздікке жетуі, еркінсуі және демократиялануы әлеуметтік-саяси шындыққа, адамның рухани болмысына әсер ету ауқымын философиялық тұрғыдан түсіндіруді, теориялық негіздерін нығайтуды талап етуде.

Фольклор жанрларының тұлғаның ұлттық намысына жеке (унификацияланған) ықпал ету динамикасы мен ауқымы мәселесін философиялық тұрғыдан қарастыру дүниетанымдық сипатқа сәйкес келеді. Бұл жерде, бір жағынан, фольклор өнері жанрының ерекшелігі оның философиялық мазмұны мен нақты міндетінде көрініс табады. Екінші жағынан, оның философиямен функционалдық интеграциялану мүмкіндігі анық байқалады. Мұнда ең басты мәселе фольклордың ұлттық идеяны халыққа жеткізетін идеология құралы және әдісі ретінде қоғамдық өмірдің барлық салаларына әмбебап әсер ету мүмкіндігін, қоғамдық сана формалары мен басқа өнер түрлерін дамыту бағыттарын, олардың әлеуетін анықтаудан тұрады.

Қоғамдық сана формалары мен фольклор өнері түрлерінің тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыру мақсаты аясындағы интеграциясы философиялық тұрғыдан дүниетанымдық ауқымды кеңейтіп, оның дидактикалық маңызын арттырып отыр. Әсіресе, фольклор өнері жанрларының тұлғаның ұлттық намысына жеке-дифференциалды әсер ету бағыттарын анықтауда философия ғылымының ұғымдар жүйесін, категориялық аппараты мен әдіснамалық

қағидаттарын қолдану маңызды. Өйткені фольклор өнерінің дамуының жалпы және жеке заңдылықтарын білу, оның функционалдық мүмкіндіктерін ғылыми зерттеу негізінде, тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыруда әртүрлі қоғамдық сана формалары мен фольклор жанрлары арасындағы өзара талаптылық пен байланыстарды жүйелі түрде ретке келтіру, сондай-ақ оның тиімділігін әдіснамалық тұрғыдан қамтамасыз ету мүмкін болады.

Фольклордың әлеуметтік құбылыс ретінде тұлғаның ұлттық намысына қатысты ақпараттарды, белгілі бір кезеңдегі психологиялық-рухани жағдайды (көркем образдар арқылы) ұрпақтарға жеткізудегі маңызы ерекше көрінеді. Мұнда тұлғаның ұлттық намысын көркем образдарда бейнелеу, оның ұлттық өзіндік санасын түсіну және Отанға деген сезімін қалыптастыру әдісі болып табылады. Басқаша айтқанда, ұлттық намысы төмен адамның отансүйгіштік сезімі, қоғамдағы әлеуметтік-саяси оқиғаларға қатыстылығы нашар болады. Сондықтан фольклор образдарының тұлғаның ұлттық намысына әсері руханияттың негізі саналатын отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға бағытталып, адамның Отанына, ұлттық өзіндік санасын түсінуіне қызмет ететін тарихи мұра мен оған мұрагерлік қатынастардың маңызы зор. Себебі фольклордың көркем образдары абсолютті идеал шындық емес, белгілі бір ұлттың тарихи дамуы барысында қалыптасқан рухани-мәдени тәжірибелерді жалпылау және дамыту арқылы жүзеге асатын іс-тәжірибе нәтижесі болып табылады. Сондықтан фольклордың тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыру үдерісін, оның көркем образдарын отансүйгіштік сезім, азаттық, бостандық үшін күрес, ұлтжандылық қасиеттерін дамыту контекстінде қарастыру керек.

Фольклор кейіпкерлерінің көркем образдарының намысы және ұлттық өзіндік санасы: бір жағынан, әлеуметтік дамудың қажеттілігі болса, екінші жағынан, сол дамудың субъективті факторы болып табылады. Өйткені фольклор кейіпкерлерінің образдары белгілі бір тарихи кезеңдегі тұлғаның әлеуметтік болмысының көркем бейнесі, тарихи шындықтың идеалданған түрі болып табылады.

Кез келген тұлға типі фольклор кейіпкерінің ұлттық намыс феноменіне өзінің "жеке" рухани-адамгершілік өлшемдері арқылы қарайды және бағалайды. Фольклорлық көркем образдардың намысы тұлғаның отансүйгіштік сезімінде, ұлты үшін кез келген сынақтарға дайын болуында, гуманистік қызметінде көрініс табады, яғни Отан тағдырына өз көзқарасын білдіреді және оны кез келген қауіп-қатерден қорғауда батырлық үлгісін көрсетеді. Ең бастысы, оның отансүйгіштік сезімі ұлтжандылық және адамгершілікпен үйлесім тапқандығында. Бұдан басқа, фольклор жанрларының ұлттық намысты қалыптастыру мүмкіндігі "тұлға қасиеттері" жүйесін бейнелеуде: бір жағынан, белгілі бір жанр ережелерін сақтауымен, екінші жағынан, көркем образ кейіпкерлерінің әлеуметтік мәнінің динамикасын мұқият бақылап, оқырманға жеткізу уақытын нақтылауымен, яғни тарихи кезеңнің қажеттілігін түсінуімен байланысты болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, фольклор өнері жанрларының: біріншіден, тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыру тарихы және оны "тұтынушыға" жеткізу тәжірибесі бар; екіншіден, тұлғаның ұлттық намысын көркем образдарда өзіндік бейнелеу ерекшеліктері, әдіс-тәсілдері бар; үшіншіден, оның құралдары мен әдістері тұлғаның ұлттық намысын қалыптастыру мақсаты мен міндеттері аясында интеграцияланады; төртіншіден, ұлттық өзіндік сананы түсіну және отансүйгіштік сезімді қалыптастырудың мақсаты мен құралдары фольклор жанрларында нақтыланады және жалпыадамзаттық мүдделерге сәйкес келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Эшонкулов Ж. Эпик тафаккур тарихи. – Тошкент. Фан, 2006. – 122 б.
2. Огородова А.В. Традиция и инновация в современной культуре // Личность. Культура. Общество. – Москва, 2007. Вып. 4 (39). – С. 249-258.
3. Рахмонов Б. Эпик онг ва унинг етакчи тамойиллари // Илм сарчашмалари. – Ургенч, 2005. – №1. – Б. 38-39.
4. Смазнова О.Ф. Мифическое в опыте повседневности // Личность. Культура. Общество. – Москва, 2009. том XI Вып.2. (№№48-49). – С. 295-301.
5. Айтматов Ч. Асрга татигулик кун. – Тошкент: Шарқ, 2004. – 186.
6. Айтматов Ч. Оқ кема. – Тошкент: Шарқ, 2003. – 176 б.
7. Хошимов Ў. Дунёнинг ишлари. – Тошкент: Шарқ, 2006 – 386 б.
8. Аvezов С. “Дунёнинг ишлари” киссасида фольклор аңғаналари // Ўзбек тили ва адабиёти. – Тошкент, 2008. – №3. – Б. 64-69.
9. Шарипова Л. 70-80 йиллар шеърлятида фольклор мотивлари // Ўзбек тили ва адабиёти. – Тошкент, – №4. – 2008. Б. 86-89.

УДК 165.9

РЕЦЕПЦИЯ ЭПИСТЕМОЛОГИИ АРАБСКОГО ПЕРИПАТЕТИЗМА В СОВРЕМЕННОЙ АНАЛИТИЧЕСКОЙ ФИЛОСОФИИ

Аринова О.Т., Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан

Современные философские дискуссии о природе знания, познающего субъекта, достоверности и границах познания обострились в эпоху эпистемологического поворота, цифровизации и критики классических рационалистических моделей. И в современной традиции аналитической философии именно проблема сознания является одной из ключевых, «знаковых» тем, которую сами последователи данного направления философии считают «трудной» в своем разрешении. В условиях XXI века гносеология приобретает новое значение, взаимодействуя с когнитивными науками, искусственным интеллектом, нейрофизиологией и культурологией, её